



Талдықорған

Ғылым болашағы өз қолымызда!

12+

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz
e-mail: taldyk@bk.ru



№50 (1840) Жұма, 13-желтоқсан 2024 жыл / Қоғамдық-саяси газеті

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жетісу облысына жұмыс сапары «Талдықорған» индустриялық аймағында орналасқан «ASMA INDUSTRIAL» өндірістік аккумулятор шығару зауытының жұмысымен танысудан басталды.

Құны 8,5 миллиард теңгені құрайтын жоба былтыр қолға алынып, алдымен ғимараты жаңартылған. Бюджет қаражатына электр жабдықтары орнатылып, көріз және газдандыру желілері тартылған. Аумағы 14,3 гектар болатын зауыт биылғы 6 желтоқсан күні іске қосылды.

Президентке өндіріс орнын таныстырған «ASMA INDUSTRIAL» ЖШС құрылтайшысы әрі зауыт директоры Серікбай Аждағамбетовтің айтуынша, мұнда мұнай-газ, тау-кен өнеркәсібінде, телекоммуникацияда, теміржол саласында, сондай-ақ «жасыл» энергетикада үздіксіз энергия көзі ретінде қолданылатын өндірістік аккумулятор батареялары шығарылады.

Мемлекет басшысына баяндалған мәліметтерге сәйкес, зауыт толық қуатына шыққанда 180 жұмыс орны құрылып, жылына 210 мың аккумулятор өндіреді. Дайындалған өнімнің 60 пайызын ТМД және Балтық елдеріне экспорттап, қалған 40 пайызын отандық нарықта сатуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ іске қосылған алғашқы жылы бюджетке 500 миллион теңгеден астам салық төлейді.

Зауытқа қажетті шикізаттың басым бөлігі Қазақстан кәсіпорындарынан са-



Кәсіпорында

– Мемлекет мықты болсын десек, ең алдымен, өңірлеріміз қуатты болуы керек. Өндірісі дамыған елге айналу үшін осы салаға көңіл бөліп отырмыз. Стратегиялық маңызы бар Жетісу облысына ерекше назар аударамыз, – деді Президент.

өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндады.

Облыс әкімінің айтуынша, биылғы I жартыжылдықтағы жалпы өңірлік өнім 6,2 пайыз өсіммен 781 миллиард теңгені құраған. Ал жыл аяғында 7,1 пайыз өсімге қол жеткізілмек. Он айдың қорытындысы бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор 112,8 пайызды көрсеткен.

Ауыл шаруашылығының дамуында оң динамика бар. Сондай-ақ өндіріс көлемі, өнеркәсіп, сауда және құрылыс салалары ілгерілей түскен. Биыл өңірде 247,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл былтырғы көрсеткіштен 4,1 пайызға артық.

Мемлекет басшысына жаңа инвесторларды тарту, облыстың инвестициялық тартымдылығын арттыру бағытындағы жұмыстар жөнінде есеп берілді.

Жыл басынан бері 1,3 есе өсіммен 327,1 миллиард теңге инвестиция тартылған. Осы ретте жеке инвестициялар саны 1,6 есе өскен. Бейбіт Исабаев 2024-2030 жылдарға арналған құны 3,5 триллион теңге болатын инвестициялық портфель қалыптастырылғанын жеткізді. Оның аясында 190 жоба қолға

алынып, 11,8 мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Биыл 54,9 миллиард теңгені құрайтын 48 жоба іске асырылып жатыр.

Бұдан бөлек, өңірдегі өнеркәсіп саласы туралы айтылды. Жетісу облысында 549 кәсіпорын тіркеліп, 30 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Биылғы он айда өнеркәсіп өндірісі 3,9 пайызға өскен.

Қасым-Жомарт Тоқаев өңірдегі тың бастамаларды құптады. Сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын сақтап, тиісті жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Талдықорған қаласының іргесіндегі Ынтымақ ауылында биыл пайдалануға берілген №30 мектепті аралап көрді.

1200 оқушыға есептелген білім ошағының құрылысы жергілікті бюджеттің және Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының есебінен қаржыландырылған.

Заманауи үлгіде жабдықталған мектепте 77 оқу кабинеті, мультимедиа сыйпытары, спорт, гимнастика, мәжіліс пен кітапхана залдары, ағаш, металл және тігін шеберханалары бар.

Президент жаңа оқу ордасын аралап көріп, оқушылармен әңгімелесті. Мемлекет басшысы мектепке автобус сыйға тартты.

Жалпы, биыл Жетісу облысында 3 жаңа мектеп ашылған. Оның ішінде екеуі «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынды. Атап айтқанда, Панфилов ауданының Жаркент қаласында 1200 орындық, Көксу ауданының Қаратал ауылында шағын жинақты мектеп пайдалануға берілді. Қазіргі кезде облыс бойынша 5 білім ошағының құрылысы жүргізіліп жатыр.

www.akorda.kz



Мектепте

тып алынады. Атап айтқанда, «Казцинк» ЖШС-тен қорғасын, «Қазатомөнеркәсіп» ҰК» АҚ-дан күкірт қышқылын алса, сепаратор мен полипропиленді Қытайдан импорттайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпорын жұмысшыларымен әңгімелесіп, еліміздегі өндірістің рөлі туралы айтты.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы облыстағы кәсіпорындардың жетекшілерімен кездесіп, пікір алмасты. Сондай-ақ отандық бизнесті қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев



Президент тартуы



ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ҚАЗАҚСТАҢДА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН ТҮРМЫС САПАСЫ ҚАЛАЙ ЖАҚСАРАДЫ



Премьер-министрдің сайтының редакциясы Қазақстанның 2024 жылғы даму қорытындылары туралы жарияланым топтамасын жалғастырады. Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты ел халқына Жолдауында цифрландыру саласында қол жеткізілген нәтижелерді күшейтудің маңызын атап өтті. Жасанды интеллект технологияларын «Электронды үкімет» платформасына енгізу саласында жұмысты ерекше жандандыру қажет.

Бүгінде БҰҰ бағалауы бойынша Қазақстан цифрландыру саласында ілгері жетістіктерді көрсетіп отыр. Біздің еліміз 193 мемлекет арасында 24-ші орында, сондай-ақ онлайн-қызметтер индексі бойынша 10 көшбасшының қатарына кіреді. Мысалы, интернет арқылы мемлекеттік қызметтерге қол жеткізу 92%-ға жетті.

«Электронды үкімет» платформасын жетілдіру және жаңғырту процесі үздіксіз және үшінші нұсқаға көшудің белсенді кезеңінде. Жаңа eGov ЖИ технологияларын қолдану арқылы айтарлықтай тұрақты әрі ыңғайлы болады.

Қазақстан Тәжікстан, Того, Сьерра-Леоне сияқты елдермен электронды үкімет саласындағы озық шешімдерін бөлісе бастады. Мемлекет тіркеуден бастап компанияларды таратуға дейінгі қолдаудың толық циклін қамтамасыз ете отырып, бизнес үшін де осындай сервистерді әзірлейді.

▲ IT саласындағы инновациялар

2024 жылы Қазақстанның IT саласы қарқынды өсімді көрсетті. IT-компаниялардың саны 18 683-ке жетті. Соңғы үш жылда 16% өсім. Мәселен, елімізде «Astana Hub» халықаралық технология паркі жұмыс істейді.

Бүгінде ол Қазақстандағы IT-старттаптарды дамыту орталығы ретіндегі рөлін айқындады.

Инновациялық экожүйенің негізгі элементі – аймақтық хабтардың дамуы. Бүгінгі таңда бүкіл еліміз бойынша осындай 18 алаң жұмыс істейді. Олар жергілікті старттаптар мен кәсіпкерлікті дамытуға белсенді ықпал етеді. Старттаптар мен IT индустриясын дамыту жөніндегі барлық бағдарламалар аймақтық IT-хабтар үшін қолжетімді. Осыған сәйкес, өңірлік хабтар дарындарды ашуға және күшті инновациялық экожүйені құруға ықпал ететін Қазақстандағы IT-индустрияны дамытудың маңызды драйверіне айналады.

Қазақстанда IT-саланың әлеуетін толыққанды ашу үшін «Ұлттық инновациялық жүйенің «бірыңғай терезесі» құрылды, онда IT-мамандарға, инноваторларға және ғылыми қайраткерлерге мемлекеттік қолдау шараларының көпшілігі шығарылды. Портал мемлекеттік қолдау шараларын бөлудің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етеді. Бүгінде оны жыл сайын жарты млн-нан астам адам пайдаланады. Портал EGOV секілді бірыңғай терезеге айналды деп айтуға болады.

▲ IT қызметтерін экспорттау

Қазақстанның IT-қызметтерінің экспорты қарқынды өсімді көрсетіп отыр. 2023 жылы оның көлемі \$529 млн-ға жетті, ал 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында бұл көрсеткіш \$305 млн-нан асты. Яғни, Мемлекет басшысының 2026 жылға қарай IT-қызметтер экспортын \$1 млрд-қа дейін жеткізу жөніндегі тапсырмасы сенімді түрде орындалуда.

Айта кетейік, Қазақстан қазірдің өзінде жасалған венчурлік мәмілелер көлемі бойынша өңірде көшбасшы саналады. Маңызды инвестицияларды CITIX, Hero's Journey, Higgsfield AI және басқа да компаниялар салды. Осы компаниялардың кейбірі қазірдің өзінде \$100 млн бағалауға қол жеткізді. Шын мәнінде, Қазақстан өңірдегі инновациялардың негізгі орталығына айналады.

▲ IT-мамандарды даярлау

2024 жылы IT-мамандардың орташа айлық жалақысы 54%-ға өсіп, 673 мың теңгеге жетті, бұл білікті кадрларға және бәсекеге қабілетті еңбек жағдайларына жоғары сұранысты көрсетеді. IT-саладағы жұмыспен қамту 12%-ға артып, 187 мың адамға жетті.

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру мақсатында жеке IT-мектептерді

ынталандыру арқылы 2025 жылға қарай 20 мың IT-мамандарды даярлауға бағытталған Tech Orga бағдарламасы іске қосылды. Жеке IT-мектептер ақпараттық технологиялар саласында 16 мыңнан астам сарапшы дайындады.

▲ Жасанды интеллектті дамыту

Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты ел халқына Жолдауында тұрақты даму үшін жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды енгізудің маңызын атап өтті. Осыған байланысты, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі бірнеше маңызды бастамаларды жүзеге асырды:

● саланың дамуын үйлестіретін ЖИ комитеті құрылды;

● 2024-2029 жылдарға арналған ЖИ дамуы тұжырымдамасы бекітілді;

● ЖИ туралы заң жобасы әзірленді, ол одан әрі өсу үшін қажетті нормативтік-құқықтық базаны қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Астана қаласында Жасанды интеллект орталығын ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар қазіргі уақытта мектеп оқушыларына арналған TUMO креативті технологиялар орталығын қосқанда, білім беру жобаларын іске қосу жоспарлануда. Сондай-ақ, биылғы қазан айында ЖИ саласындағы мамандарды даярлау үшін өңірдегі алғашқы жасанды интеллект мектебі Tomorrow School ашылды.

Сонымен қатар, Президенттің тапсырмасы бойынша Қазақстанда KazLLM жеке тілдік моделі әзірленуде. Ол қазақстандық компаниялар әзірлейтін бірқатар технологиялық шешімдер үшін негіз болуға тиіс. Бұл шетелдік технологияларға тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді, әсіресе ұлттық мүдделерді, дербес деректерді қорғау және еліміздің идеологиялық тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін маңызды.

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ӨНЕРКӘСІПТІК ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ӨНДІРУШІЛЕРДІ ҚОЛДАУ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҮРАҚТЫ ӨСУДІҢ НЕГІЗІ

Премьер-министрдің сайтының редакциясы еліміздің 2024 жылғы даму қорытындылары туралы жарияланымдар сериясын жалғастырады. Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты халыққа Жолдауында өнеркәсіптік әлеуетті толық ашу шараларын күшейтуді тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев терең өңдеу тәсілін меңгеруге басымдық берілген 17 ірі жобаның тізімін атап өтті. Өз шикізатымыз бен құрал-жабдықтарымызды барынша пайдалану, ірі кәсіпорындарға жапсарлас өндірістер ашу маңызды. Жобалар экономиканы әртараптандыру және өңдеу өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін ынталандыру бағдарламасы шеңберінде іріктелді. Олар металлургия, химия, мұнай-химия, автокөлік, туризм, ауыл шаруашылығы және тамақ өнеркәсібі сияқты негізгі салаларды қамтиды.

Тағы бір маңызды міндет – мұнай-газ химиясы саласын одан әрі дамыту. Қазіргі уақытта полипропилен мен полиэтилен өндіретін ірі жобалар жүзеге асырылып келеді. Бутадиен, карбамид және терефтал қышқылын өндіруге арналған болашағы зор жаңа жобалар әзірленуде. Аталған бастамалардың барлығы аймақтардың өсіп-өркендеуіне жол ашатын жаңа өндіріс орындарын ашуға бағытталуы маңызды.

Жоспарланған жобаларды іске асыру 25 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

2024 жылы құны 1,3 трлн теңгеге жуық 180 инвестициялық жобаны енгізу жоспарланған, оның 164-і өңдеу секторына тиесілі. Бірыңғай индустриаландыру картасы шеңберіндегі нысандар саны бойынша бүгінде Қарағанды, Қызылорда және Жамбыл облыстары, инвестиция көлемі бойынша Атырау, Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстары көш бастап тұр.

▲ Өңдеу өнеркәсібі: негізгі көрсеткіштер

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, өңдеу өнеркәсібі көлемі жағынан 48%-дық көрсеткішпен 45% деңгейіндегі шикізат секторынан асып түсті. Ондағы негізгі өсім бірден бірнеше секторда байқалады:

● Машина жасау: 6,9% өсім, бұған компьютерлік жабдықтар, электр аспаптары, ауыл шаруашылығы және теміржол техникасы өндірісінің ұлғаюы ықпал етті.



● Қара металлургия: өсім 10,8%-ды құрады. Бұл ферроқорытпа, болат, шойын және жалпақ прокат өндірісі көбеюінің нәтижесі.

● Түсті металлургия: мыс, мырыш, қорғасын және алюминий өндірісінің өсуіне байланысты өндіріс көлемі 4,8%-ға өсті.

● Химия өнеркәсібі: 8,4% өсім тіркелді, полипропилен және натрий бихроматы өндірісінің ұлғаюы айтарлықтай үлес қосты.

Есепті кезеңде өңдеу өнеркәсібінің жиынтық көрсеткіші 5%-ға жуық оң динамика көрсетті. Бұл алюминий мен мыс өңдеуді бірнеше есе арттыруға мүмкіндік берді. Бұл кабель, алюминий сым және басқа да өндірістің өсуіне де әсер етті.

▲ Геология саласын дамыту перспективалары

Қазақстан перспективалы аумақтарды зерделеу және геология саласына инвестиция тарту бойынша шетелдік әріптестермен ынтымақтастықты белсенді түрде кеңейтіп келеді. Бүгінгі таңда минералды-шикізат базасы қатты пайдалы қазбалардың 987 кен орнын қамтиды және оларды барлау динамикасы оң күйінде қалып отыр.

2024 жылғы геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша құрамында минералды қоры мен ресурстары бар 17 кен орны мемлекеттік тіркеуге алынды:

- алтын – қоры 107,5 тонна, ресурстары 337,04 тонна,
- күміс – қоры 1904,5 тонна, ресурстары 172087,2 тонна,
- мыс – қоры 4916,7 мың тонна, ресурстары 7796,9 мың тонна,
- мырыш – қоры 2549,6 мың тонна, ресурстары 338,9 мың тонна,
- темір кендері – қоры 128 млн тонна, ресурстары 162 млн тонна,
- қорғасын – қоры 1319,5 мың тонна, ре-

сурстары 64,1 мың тонна,

● вольфрам – қоры 409,9 мың тонна, ресурстары 743 мың тонна,

● хром – ресурстары 464,1 мың тонна,

● молибден – қоры 14 т, ресурстары 39 тонна,

● марганец – қоры 794 мың тонна, ресурстары 1137,3 мың тонна.

Сондай-ақ биыл алғаш рет мемлекеттік есепке көмірсүтек шикізатының 6 кен орны қойылды:

● газ – 1776,5 млн м³.

Мемлекет басшысының 2023 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасын іске асыру шеңберінде 2026 жылдың соңына қарай Қазақстан аумағын 2,2 млн шаршы шақырымға дейін геологиялық-геофизикалық зерттеумен қамтуға қол жеткізуге бағытталған жұмыстар жүргізілуде. 3 жыл ішінде қаржыландырудың жалпы сомасы 20 млрд. теңгеден асады.

Сонымен қатар аудандарды геологиялық жете зерттеу, геологиялық-минерагендік картаға түсіру және терең геологиялық картаға түсіру жұмыстарының нәтижелері де бар. Аталған жұмыстар нәтижелеріне сәйкес, бағалы, түсті және қара металдар бойынша болжамды ресурстары бар перспективалы 60 учаске анықталды. Бұл учаскелерді барлауға арналған лицензия шеңберінде одан әрі зерделеу үшін жер қойнауын пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Сирек жер металдары саласын дамытуға бағытталған жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу шеңберінде 12 учаскеде іздеу жұмыстары жалғасуда.

Қазіргі уақытта геологиялық жетекшілікпен 76 млрд тонна болжамды шартты отын ресурстары бар 15 шөгінді бассейн бөледі. Бүгінгі таңда мұнай-газ өндірудің барлық көлемі игерілген 5 бассейнге тиесілі. Олардың ішіндегі ең ірісі –

Каспий маңы, ол елдің ресурстық базасының шамамен 80%-ын құрайды.

Ағымдағы жылы геологиялық-геофизикалық әдістер кешенін, оның ішінде Арал аз зерттелген бассейні шегінде Шығыс және Батыс учаскелерінде 2Д сейсмикалық барлауды қолдана отырып, өңірлік зерттеулер аяқталуда.

Нәтижелер геологиялық барлау жұмыстарының жоғары деңгейін және Қазақстанның минералды-шикізат базасын дамытуға елеулі үлесін көрсетеді.

▲ Отандық өндірісті қолдау

Экономика құрылымын өзгерту аясындағы негізгі міндеттердің бірі – отандық тауар өндірушілерді қолдау. Осы мақсатта Үкімет отандық өндіріс тауарларын тұтынуды ынталандыруға бағытталған экономикалық патриотизм қағидатын енгізді.

Мемлекеттік сатып алулардағы қазақстандық өнімдер тізбесінің кеңеюі отандық кәсіпорындармен жасалған келісімшарттар санының 1,4 есеге артуына, ал олардың жалпы сомасының 40%-ға өсуіне алып келді.

Мемлекет қаражаты есебінен нысандарды салу кезінде отандық құрылыс материалдары мен жабдықтары барынша қолданылады.

Мемлекеттік қолдау шаралары жаңа бірыңғай тізілімге енгізілген тексерілген отандық тауар өндірушілерге ғана көрсетіледі.

Іскерлік белсенділікті арттыру және бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасау жұмысы шеңберінде Үкімет «таза парақтан» қағидатын енгізді. Бұл шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілеріне қойылатын 10 мыңнан астам талаптарды жоюға мүмкіндік берді.

▲ Тұрғын үй құрылысы

Тұрғын үй құрылысы – азаматтардың өмір сүру сапасына әсер ететін маңызды аспект. Осыған орай елімізде бағдарлама қабылданды, оның шеңберінде 7 жыл ішінде 111 млн м² тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланып отыр. Осылайша, 1 млн-ға жуық отбасы баспаналы болды.

Сонымен қатар 2024 жылы даму жоспары түзетілді, нәтижесінде 15,5 млн м² тұрғын үйдің орнына 18 млн м² баспана тапсырылады. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2024 жылдың мамыр айында «Отбасы Банкі» «Наурыз» жаңа тұрғын үй бағдарламасын іске қосты. Оның аясында 188,3 млрд теңгеден астам сомаға 7217 мың несие берілді.

Жыл басынан бері цифрландыру және қала құрылысы сараптамасын енгізу арқылы нақты заңсыз құрылысты іске асыру мүмкіндігі алынып тасталды. Бұл шара Мемлекет басшысы бірнеше рет белгілеген нақты құрылыс мәселесін шешуге мүмкіндік берді. Кешенді шаралар саябақтар мен әлеуметтік нысандарға арналған аумақтарда көпәлеулі үйлер салу мүмкіндігін жоюды, бұл экологиялық тепе-теңдікті сақтауға және қалалық инфрақұрылымды жақсартуға ықпал етеді.



ИНТЕРВЬЮ МЕРЫ ПО ПОВЫШЕНИЮ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ ГРАЖДАН



Внимание читателей наше интервью с министром юстиции – Ескараевым А.Н. на тему «Меры по повышению правовой культуры граждан».

2023 года задействовали потенциал радио, телевидения и печатных СМИ, так как эти инструменты, даже на фоне бурного развития социальных сетей, все равно пользуются спросом. Сейчас мы сотрудничаем с более 100 печатными СМИ, с несколькими радиоканалами и телеканалами, что позволяет распространить правовую информацию максимально широко.

В-четвертых, в 2024 году мы запустили проект «Кабинет права» в селах и районах для того, чтобы люди могли получить доступ к правовой информации, к государственным базам данных, изучить самостоятельно законы. Сейчас таких кабинетов более 2000 по стране.

В целом, мы стараемся сделать правовую информацию доступной для всех граждан, независимо от того, где они живут.

Для удобства граждан отдельные сайты и системы будут представлены в виде приложений и мобильных версий.

Интересные проекты. Но эти инструменты, я так понимаю, человек использует в повседневной жизни, это позволяет ему участвовать в жизни государства. А что, если его интересуют конкретные правовые вопросы, ситуации, где нужны решения в правовом поле? Куда он может обратиться?

– Да, такие ситуации тоже бывают. Для этого при Министерстве работает круглосуточная правовая информационная служба, через нее можно получить базовую правовую консультацию. Данная служба доступна через звонки по номеру 119, через WhatsApp и Telegram-бот «19Kenesbot».

Кроме того, на ежемесячной основе территориальные органы юстиции совместно с адвокатами, нотариусами и другими квалифицированными специалистами проводят встречи, семинары, консультации, дни открытых дверей, в том числе в сельских населенных пунктах. В рамках данных мероприятий можно обратиться с правовым вопросом уже к конкретному специалисту живую.

Также функционирует система «e-zankomegi», в которой работают профессиональные адвокаты и юристы, к ним можно уже обратиться с ситуацией, требующей юридического сопровождения.

Это действительно, удобно. Насколько активно граждане используют эти возможности?

– Мы видим, что интерес и вовлеченность граждан растет. Люди все больше обращаются

к информационным системам, к правовой информации в целом, и это замечательно. Ведь чем более информированным будет население, тем проще решать вопросы в правовом русле и строить активное гражданское общество.

Как вообще население воспринимает право-разъяснительную работу? Оценивается ли это каким-то образом?

– Мы тоже задались этим вопросом в текущем году, так как хотели понять, в правильном ли направлении движемся вообще. И для получения объективной обратной связи от населения мы запустили масштабное анкетирование через «eGovmobile», которое прошли почти 100000 граждан.

Результаты опроса показали, что большинство респондентов оценивают свои знания в области законодательства на среднем уровне, то есть они имеют базовые знания, но испытывают трудности при применении этих знаний в повседневной жизни.

Какие основные проблемы были выявлены в ходе опроса?

– Одна из ключевых проблем, о которой говорят респонденты, заключается в сложности и трудности понимания законодательства. Люди сталкиваются с тем, что законы часто бывают сложными для восприятия, и им сложно ориентироваться в правовых вопросах.

Поэтому Министерство взяло этот вопрос на вооружение, и мы будем его решать комплексно. Мы уже двигаем инициативы по упрощению языка законодательства и по одновременной публикации закона вместе с его разъяснением.

Кстати, большинство граждан считают, что для повышения правовой грамотности работу необходимо начинать еще в школьном возрасте. Поэтому здесь тоже мы совместно с Министерством просвещения и Министерством науки и высшего образования будем работать в вопросах упрощения содержания предмета «Основы права» в школе и в активизации юридических клиник в университетах.

Мы продолжим анализировать результаты опроса и улучшать подходы к правовому просвещению. Важно, чтобы наша работа не только реагировала на текущие запросы граждан, но и предсказывала их потребности. Мы также планируем расширять использование цифровых технологий для доступности правовой информации, чтобы каждый гражданин мог получить нужную помощь в удобном и понятном формате.


Спасибо за интересное интервью. Удачи вам в вашей дальнейшей работе!

– Спасибо! Мы всегда рады делиться нашим опытом и продолжать работать на благо граждан, стремясь сделать нашу работу еще более эффективной и полезной для каждого.

Источник: Министерство юстиции РК

ОТЕЧЕСТВЕННОЕ ПРОИЗВОДСТВО ПЕРВЫЙ В СТРАНЕ ЗАВОД ПО ВЫПУСКУ ПРОМЫШЛЕННЫХ АККУМУЛЯТОРОВ

Знаменательным событием для города Талдыкоргана и области Жетісу стало открытие завода ТОО «Asma Industrial», ставшего на сегодня единственным в Казахстане предприятием по производству промышленных аккумуляторов полного цикла.



В торжественной церемонии открытия завода, прошедшей в индустриальной зоне «Талдыкорган», участвовали глава региона Бейбит Исабаев, директор завода Серикбай Ажмагамбетов, приглашенные гости и представители СМИ.

В своей приветственной речи аким области отметил, что новый завод не имеет аналогов в стране. Его уникальность в том, что здесь будут производиться промышленные аккумуляторные батареи полного цикла, которые находят широкое применение в разных отраслях, включая нефтегазовую, горнодобывающую промышленность, телекоммуникацию, энергетику, железные дороги, а также в качестве источника бесперебойной энергии в «зеленой» энергетике.

«Реализация данного инвестиционного проекта – важное событие для области. Сейчас в проект инвестировано свыше 3 млрд тенге с созданием 180 новых рабочих мест. В свою очередь нами была оказана вся необходимая государственная поддержка. За счет средств местного бюджета подведены инженерные сети на сумму 260 млн тенге. Надеемся, что компания укрепит свой статус инновационного лидера в своей сфере и добьется высоких результатов в реализации поставленной Главой государства задачи по продвижению производственной политики», - сказал Бейбит Исабаев.

Реализация проекта, по словам директора ТОО «Asma Industrial» Серикбая Ажмагамбетова, началась с 2021 года, ее общая стоимость – 8,5 млрд тенге.

«В 2022 году мы приобрели земельный участок площадью 14 га и начали строительные работы с привлечением корейской консалтинговой компании, которая помогла с выбором оборудования и технологий. Сегодня наше предприятие официально запущено. Общий объем производства составляет 210 тысяч аккумуляторов в год, заложено 50 видов и размеров продукции. На заводе установлены суперсовременные системы вентиляции, выбросов в окружающую среду практически не будет. Планируется трудоустроить до 180 человек, набор продолжается. Часть работающих сегодня уже имеют опыт работы, в том числе на заводе «Кайнар», то есть производство нам знакомо и сложностей мы не видим», - отметил директор завода.

К слову, один из работников предприятия Дастан Канатханов более 10 лет трудится в данной сфере. Некогда выпускник ЖГУ им. Ильяса Жансугурова - сегодня начальник цеха по литью свинцовых пластин.

«Мы отливаем сердце аккумулятора – свинец. У каждого типа аккумулятора есть своя свинцовая пластина. В нашем цехе работает 8 автоматов, в одну смену, то есть за 8 часов, мы выпускаем 2880 пластин. Всего в три смены трудится 32 человека», - пояснил молодой человек, подчеркнув, что новый завод для региона – это дополнительные рабочие места, поступления в бюджет и дальнейшее развитие края.

Еще раз отметим, ТОО «Asma Industrial» специализируется на производстве высокотехнологичной электротехнической продукции - свинцово-кислотных промышленных аккумуляторных батарей AGM, 12V и OPzS OPzV, 2V. В перспективе - автоматизация технологического процесса по мере увеличения объемов производства, организация производства полимерных комплектующих, которые в настоящее время закупаются, и производства мелкосерийной сборки литий-ионных батарей. В последнем производстве помощь готова оказать российская компания с дальнейшей реализацией продукции, сотрудничество с которой начнется с начала нового года. Отрабатывается заключение контрактов и с отечественными компаниями. Планируется 40% продукции поставлять на внутренний рынок, 60% - на экспорт.

В целом, в промышленном производстве области Жетісу функционируют 549 предприятий, из них 14 крупных, 13 средних, где занято более 30 тысяч человек. За 10 месяцев 2024 года с ростом на 3,9% в регионе произведена промышленная продукция на сумму 278,8 млрд тенге.

Алма УРАЗАЕВА
Фото: Женис ЫСКАБАЙ



ЖЕТИСҮ
облысының әкімдігі

ХАБАРЛАНДЫРУ

25 ЖЕЛТОҚСАН
2024 ЖЫЛ

Жетісу облысының әкімі Исабаев Бейбіт Өксікбайұлы
Талдықорған қаласының тұрғындарымен кездесу өткізеді

11:00

І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайы
Талдықорған қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 67

© JETISU_AKIMDIGI

ҚҰРМЕТТІ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев 2024 жылғы 25 желтоқсан күні сағат 11.00-де І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайының ғимаратында облыс орталығының халқымен кездесу өткізеді.

МЕКЕНЖАЙЫ: Талдықорған қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 67.
Облыс әкімінің халықпен кездесуінің тікелей көрсетілімі облыс әкімдігінің «Instagram» әлеуметтік желісіндегі «jetisu_akimdigi» парақшасында https://instagram.com/jetisu_akimdigi?igshid=YmMyMTA2M2Y= сілтемесі бойынша жүргізіледі.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ТАЛДЫҚОРҒАН!

Аким области Жетісу Исабаев Бейбіт Оксикбаевич 25 декабря 2024 года в 11.00 часов в здании Дворца культуры имени И. Жансугурова проведет встречу с населением областного центра.

АДРЕС: город Талдықорған, проспект Н.Назарбаева, 67.
Прямая трансляция встречи будет вестись на странице акимата области «jetisu_akimdigi» в «Instagram» по ссылке: https://instagram.com/jetisu_akimdigi?igshid=YmMyMTA2M2Y=

«ЖЫЛ ВОЛОНТЕРІ» СЫЙЛЫҒЫ ТАБЫСТАЛДЫ

5 ЖЕЛТОҚСАН - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВОЛОНТЕРЛЕР КҮНІ



Талдықорған қаласы, Салтанат сарайында облыс әкімінің орынбасары Д.Есдәулетов өңірде қызмет атқарып жатқан волонтерлік ұйымдармен, бастамашы топтармен және белсенді еріктілермен кездесті. 2 сағатқа жуық уақыт волонтерлік саланы дамыту, өзекті мәселелер туралы ашық талқылау, ұсыныстар айту болды.

Кездесу соңында 2024 жылы нәтижелі еңбек еткен, жұмыстары көпке үлгі, «Таза Қазақстан», су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге көмек көрсеткен, волонтерліктің 8 бағыты бойынша жыл бойы іс-шаралар өткізген ұйымдар мен еріктілерді арнайы статуетка, диплом, қаржылай сертификатпен марапаттады.

- 10 номинация бойынша жеңімпаздар:
1. «Біргеміз: білім» – Жақұлақызы Дана, ауылдық жерлерде тілдік сауаттылық деңгейін арттыруға қосқан үлесі үшін;
2. «Біргеміз: саулық» – Пятава Лариса Александровна, денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін;
3. «Біргеміз: сабақтастық» – Барибаева Асель Максұтовна, балалар үйіндегі жасөспірімдерге және қиын жағдайға тап болған жастарға тәлімгерлік еткені үшін;
4. «Біргеміз: асыл мұра» – Бакирова Динара Серікқызы, мәдени-тарихи мұраны сақтау және дамытуға қосқан үлесі үшін;
5. «Біргеміз: аяла» – Гузенко Вероника Юрьевна, жануарларға деген жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған жұмысы үшін;
6. «Біргеміз: таза өлем» – Аманжолұлы Ғазиз, экологиялық мәдениетті дамытуға қосқан үлесі үшін;
7. «Біргеміз: үміт» – Қусанова Холида Есболловна, жоғалған адамдарды іздестіру және төтенше жағдайлардан қорғауға бағытталған қызметі үшін;
8. «Біргеміз: қамқор» – Сакович Жанна Жақановна, әлеуметтік қызмет көрсетуге қосқан үлесі үшін;
9. «Үздік волонтерлік ұйым» – «Жастар таңдауы» ЖҚБ, волонтерлік қызметті ұйымдастырудағы жоғары нәтижелері үшін;
10. «Жыл волонтері» – Середина Екатерина Николаевна, ең белсенді және нәтижелі волонтерлік қызметі үшін.

Сонымен қатар, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қайырымдылық үшін» төсбелгісі Бакирова Динара Серікқызы мен Токтарова Екатерина Кайдаровнаға табысталды.

Jetisu Jastary баспасөз қызметі

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ ҮЛТ САУЛЫҒЫН НЫҒАЙТУ АЯСЫНДА

Талдықорған қаласында облыс әкімдігі мен Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы медициналық орталығы өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Меморандум аясында облыс тұрғындарын диагностикалау, емдеу, оңалту бағытында, жаңа технологиялар мен озық емдеу әдістерін меңгеруге, инновациялық әдістемелерді дамытуға екі жақты білім мен тәжірибе алмасу жүргізіледі.

Атап өтсек, ҚР Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығы күні аясында мамандар осы аптаның басынан Талдықорғанның бірқатар медициналық мекемелерінде пациенттерді қабылдады.



ҮСТЕЛ ТЕННИСІ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Жетісу облысының спорт объектілерінің қатары тағы бір жаңа нысанмен толығып, Талдықорған қаласында жеке кәсіпкердің қаражатына салынған үстел теннисі орталығы ашылды.

пірімдерге арналған облыстық спорт мектебінде 613 оқушы тәрбиеленсе, соның 131-і үстел теннисімен айналысады. Мектепте 24 жаттықтырушы жұмыс істейді.

Салтанатты шарадағы лента кию рәсімінен кейін жиналған көпшілік нысанның ішін аралап көрді. Жалпы ауданы 2193 шаршы метр болатын екі қабатты ғимараттың үстел теннисіне арналған үлкен залында 12 үстел қойылған, алдағы уақытта оның санын көбейтуге де мүмкіндік жасалған, сол сияқты 250 орындық трибунасы, шахмат пен тоғызқұмалаққа арналған залы бар. Оған қоса орталықта тренажерлары бар зал, массаж бөлмесі, душ және жуынатын бөлмелер және басқа да қажетті әкімшілік және тұрмыстық үй-жайлар қарастырылған. Жобаға жалпы 1,3 млрд. теңге инвестициялық қаражат жұмсалды.

ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Осы жылдың басында Талдықорған қаласында зейнеткерлік жастағы азаматтарға сапалы қызмет көрсету мақсатында Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы ашылған болатын, бұл нысанға қазір күніне 250-ден астам адам келеді. Мұнда 12 түрлі қызмет көрсетіледі, 40-қа жуық жұмыс орны ашылған.

– Біздің орталық жұмысының негізгі мақсаты – мәдени, шығармашылық, спорттық және іскерлік қабілеттерін шыңдау арқылы зейнет жасындағы адамдардың физикалық және психикалық саулығын нығайту. Бүгінгі таңда белсенді ұзақ өмір сүру орталығына күн сайын 250-ден астам адам келеді. Сонымен қатар жыл басынан бері орталыққа келушілердің қатысуымен 50-ден астам түрлі іс-шаралар, сондай-ақ Ақсу, Кербұлақ, Қаратал аудандарының киелі орындарына, тарихи нысандарына экскурсиялар, Абай облысының Семей қаласына сапар ұйымдастырылды.



Талдықорғанның зейнеткерлік жастағы кез келген тұрғыны біздің орталыққа келе алады, мұнда барлық қызметтер тегін көрсетіледі. Тек жеке куәлігі мен зейнеткер куәлігін алып келуі керек, – деді «Еңбек ресурстары және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» КММ басшысы Әсет Оразбекұлы.

Атап өтсек, келесі жылы Талдықорғанда ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған 150 орынды оңалту орталығының құрылысы жоспарланған. Сонымен қатар «Инватакси» қызметінің саны өткен жылдан аймақта 18-ден 32-ге дейін өсті.

«ШАПАЛАҚ» КОМАНДАСЫНЫҢ ЖЕҢІСІ

Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов Jaidarman TOP республикалық жоғары лига ойындарының жеңімпаздарын марапаттады.

Жоғары лига ойындарының финалында жеңіске жеткен «Шапалақ» командасы «Жайдарманның» 25 жылдық тарихындағы Жетісу облысынан шыққан алғашқы чемпиондар.

Өз кезегінде «Шапалақ» командасының капитаны Серікбай Орынбасар финалдың «Үздік ойыншысы» атанды.

Бұл ойынға жыл сайын дәстүрлі түрде еліміздің барлық аймақтарынан 193 команда қатысып, олардың ішінен іріктелген 16 команда жыл бойы республикалық жоғары лига ойындарында өнер көрсетті.

Жеңімпаздарды қабылдап, құттықтаған облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов команда мүшелері Серікбай Орынбасар, Мадияр Жумабаев пен Әли Құсайыновқа Жетісу облысы әкімінің Алғыс хаты мен 1 000 000 теңгенің сертификатын табыстады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі



ЖЕЛТОҚСАН ҚАҺАРМАНЫ

«...ҰЛТ НАМЫСЫ ҚЫЗЫЛ ҚАНҒА БӨККЕН ЖЕР...»

Желтоқсан бір қуаныш, бір қайғы, жеңіс пен жеңіліс, бақыт пен сор, сатқындық пен жанашырлық, «күзге айналған көктемдердің» қилы тағдыры, кешегі мұз құрсауындағы сын сағат бейнеленген кезең. 1986 жылдың дәл осы шағында Алматыда сол кездегі коммунистік биліктің шешіміне қарсы жаппай наразылықтар мен халық көтерілістері түрінде болған қазақ жастарының үн қосуы Желтоқсан оқиғасы болғаны белгілі. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «1986 жылғы наразылық шеруі халқымыздың бостандыққа ұмтылысын көрсетті. Тәуелсіздіктің алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының өшпес ерлігі біздің мемлекеттілік тарихымызға мәңгі жазылды»-деген болатын. Осынау қанқұйлы оқиғаны еске алу оңай еместігі белгілі. Десе де тарихтан тағылым алып, өткен күнге шолу жасау баршамызға ортақ міндет. Қазақ тарихының парағында шерлі де қасиетті оқиға болып қалған желтоқсанға алаңға шыққандардың бірі – Сағындық Жұмаділ. Ол бойғы қарымта соққан желтоқсан желінің ызғарын өзгеден жақсы біледі.



аралап, барлығымыз бас қосып, «Пленумның шешіміне қарсы шығайық» деген сарында насихат жүргізілді. Ол кездері тек мереке күндері бейбіт шеруге шығатын едік. Ал, бұл жолғы қарсылық таныту жаңа атап өткенімдей бұрын-соңды тәжірибеде болмаған. Митингіні, талаптарын білдіруші тарапты тоқтату операциясы «Құйын – 1986» деп аталады. Алаңға жиналғандарды итке талатып, өрт сөндіретін көліктен су шашып, сапер күрегімен, резеңке таяқпен ұрып-соғып, өзге де құралдар қолданды.

Алаңға шыққаннан кейін үшінші күннен бастап КГБ-ның адамдары бізді шақыртып, тергеу басталды. Ол 6 айға созылды. Соққы болмаған күннің өзінде психологиялық тұрғыдан сындырып жібереді, әдейі шатастырады, өз сөзіңе өзіңді қарсы қояды. Сол сәтте бірге жүрген 12 адамды дүрбелең, алауыздық туғызушы деп қарастырып, 5-уін соттады. Одан бөлек оқудан шығарылып, әкімшілік жазаға тартылғандардың да қарасы көп болды. Сол күндерді еске алғанда әлі күнге жүрек сыздайды, оңай емес. Бұл жүрекке салмақ салатын ауыр қасірет. Қазір ойлансам сол кездегі өрімдей жас қыз-жігіттердің жанкештілігіне таң қаламын. Қаруланған әскерилерге қарсы тұрып, ел басына күн туғанда, етігімен су кешті. Азаматтық ар алдындағы парызымыз деп білді. Тән жарасынан, жан жарасынан жазыла алмай жүргендер қаншама, ауыр салмағын көтере алмай өмірден өткендер бар. Олардың әр рухы, ерліктері мәңгі жадымызда сақталады. Айтылмаған сөз жетім, осы істің нағыз басы-қасында жүргендер ұмытылып, соңғы кездері «псевдожелтоқсаншылар» қатары көбейіп кетті. Жеке мүдделерін ойлап, мекемелерді жағалап, қадірін қашырып жүр. Осы себепті ұйымдарға тіркеуде тұрудан өз еркімімен бас тарттым. Кездесулерге шақырғанда қатысып, ашығын айтудан жасқанып қалмаймын, әрине. Менің ойымша, желтоқсан көтерілісі өзінің нағыз бағасын алған жоқ. Болашақта әлі де зерттеліп, өз тұғырына қонады деп сенемін. Әкімшілікті, бұл жәйттерді тек осы желтоқсан айында ғана айтатынымыз, іздейтініміз. Бұл – тарих, сондықтан жылдың әр күнінде айтылып, тұлғалар насихатталып, ұмытылмауы қажет. Жас ұрпаққа маңызын тереңінен түсіндіру, мақсаты, мүддесі айтылуы керек».

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

МӘДЕНИЕТ – РУХАНИ МӘЙЕК

ӘНІМ СЕНСІҢ, ТАЛДЫҚОРҒАН

Тәуелсіздіктің жетісулықтарға тартқан сыйының бірі – «Талдықорған әуендері» халықтық фольклорлық-этнографиялық ән-би ансамблінің құрылуы. Рухани байлығымыздың кеңінен қанатын жаюға сеп болып, жас ұрпақты ұлттық музыкаға баулитын ансамбльдің дүниеге келуі киелі өнер үшін зор мәртебе болды. Ел мәдениеті мен өнерін өркендетіп жүрген өнер шаңырағының «Әнім сенсің, Талдықорған» атты 13 жылдық есеп беру концертті өтті.



